

**"Ақтөбе облысы білім басқармасы Мәртөк аудандық
білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі**
"Сарыжар жалпы орта білім беретін мектебі" КММ-нің
мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысы бойынша
кемшіліктерді жою жұмыстары жөніндегі
АНЫҚТАМА

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 2.4 тармағы талабына сәйкес 0 "Ә" класы бойынша даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын жеке даму карталары сайтқа орналастырылды.

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарындағы үйден оқытылған білім алушының №026/е нысанындағы "Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы", үйден оқытуды ұйымдастыру туралы бұйрықтары, сабақ кестелері, дәлелдейтін құжаттары сайтқа орналастырылды.

2023-2024 оқу жылдарындағы BilimClass электронды журналы қатаң есептегі құжат болғандықтан тексеру барысында анықталған кемшіліктер түзетуге болмайтындықтан ұжыммен алдағы оқу жылдарында мұндай қателіктерді болдырмау мақсатында ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылы 18 наурыздағы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 125 бұйрығына (ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 31.10.2024 № 321) бұйрығымен енгізілген өзгерістерге байланысты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен мектеп ұжымына «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау мен критериялды бағалау талабы» тақырыбында оқу семинарын өткізілді.

Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырмаған/растамаған педагогтер М.Б.Көпжасардың, А.Қ.Жарекиннің биылғы 2025 жылы "педагог-модератор" санатын алғандығын растайтын құжаттары, Б.А.Нуржанованың декреттік демалыста отырған педагогтің шығуына байланысты, жұмыстан босатылғандығы туралы бұйрығы салынды. Басшы кадрлар 2025-2026 оқу жылында толықтай өзгеріп, қазіргі таңдағы басшы кадрлардың санаттары туралы бұйрықтары салынды. Басшы кадрлардың ішінде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ш.Х.Серикбаева мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Қ.Шамгоновтың басшы орынбасары ретінде еңбек өтілі үш жылға толмағандықтан ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83

бұйрығына (өзгерістер мен толықтырулар енгізілді) сәйкес аттестаттаудан өтпеген.

9-қосымшада бейнебақылау камералары туралы мәлімет ҰБДҚ-ғы мәліметтеріне сәйкес ұсынылды және ауыз сумен қамтылу туралы мәлімет дәлелдейтін суреттермен бірге сайтқа орналастырылды.

2022-2023 оқу жылының емтихан 9 ә сыныбының орыс тілі мен әдебиеті, 11 А сыныбының география, қазақ тілі, Қазақстан тарихы, орыс тілі мен әдебиеті, 11 ә сыныбының қазақ тілі, алгебра және анализ бастамалары, Қазақстан тарихы, орыс тілі мен әдебиеті, физика, биология пәндерінің емтихан хаттамалары мен 2024-2025 оқу жылындағы 9 ә және б сыныптарының қазақ тілінен, 11 а, ә, б сыныптарының Қазақстан тарихы пәндерінің емтихан хаттамалары сайтқа орналастырылды.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың жеке мүмкіншіліктерін ескере отырып ұйымдастырылған сағаттар санына бекітілген педагог-қызметкерлерге жүктелген бұйрықтары, дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу талаптарына сай педагог-дефектологтың, логопедтің жылдық жұмыс жоспарлары, жеке оқыту бағдарламалары мен қосымша сабақ кестелері, педагогикалық -психологиялық сүйемелдеу қызметінің жұмысы салынды.

Мектеп директоры



Г.К.Есентаева